

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abay Kazakh National
Pedagogical University

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

4 (332)

JULY – AUGUST 2020

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі
Қажыбек Е.З.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Құрманбайұлы Ш.**; тарихи ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дербісәлі А.**; саяси ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Р е д а к ц и я к ең с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); эк. ғ. докторы, проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докторы, проф. **Устименко В.А.** (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы».

ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28; 219, 220 бөл.; тел.: 272-13-19, 272-13-18
<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор

доктор филол. н., проф., член-корр. НАН РК

Қажыбек Е.З.

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Редакционный совет:

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З. Сафарова** (Азербайджан); докт. экон. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); докт. юр. н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук.

ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № **10894-Ж**, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год.

Тираж: 500 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28; ком. 219, 220; тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020.

Адрес типографии: «NurNaz GRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Chief Editor

doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK

Kazhybek E.Z.

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyssanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechnik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010.

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 500 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.123>

Volume 3, Number 331 (2020), 224 – 234

ӨОЖ 33.331.28

FTAMP 06.58.55

А. Уайсова ¹, К.К. Примжарова ², С.Д. Усубалиева ³, Г.Д. Айтбаева ⁴, Ж.К. Малгараева ⁵

^{1,4}Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан;

^{2,3,5}Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: amina.uaisova@mail.ru, kalyash.primzharova@narхоз.kz, salta-74@mail.ru,

Z_ussen2018@mail.ru, kishibekova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ САНАСЫН ЖАҢҒЫРТУ МӘНМӘТІНІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН ТАЛДАУ

Аннотация. Мақалада өзекті мәселелердің бірі – қоғамның заманауи санасын жаңғырту контекстінде Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейін талдау.

Зерттеуді орындау кезінде әлеуметтік-экономикалық, статистикалық көрсеткіштерді талдаудың салыстырмалы әдістері мен ғылыми-зерттеу жүйесі қолданылды.

Зерттеу нәтижесіне талдау жүргізуде жалпы халықтың өмір сүру деңгейін талқылауды қандай бағытта жұмыс атқаратынымызды және басқа нәтижелерді анықтау.

Зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы өмір сүру деңгейінің заманауи мәні мен сипаты басқа елде қалай жүзеге асырылуда, оларға неге басымдық берілгендігі және еліміздегі өмір сүру деңгейін жақсарту бойынша ерекшеліктер келтірілген. Халықтың қажетті материалдық игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілуі, оларды тұтынудың қол жеткізілген деңгейі және қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесі өмір сүру деңгейі деп аталады. Басқаша атағанда әл-ауқаттылық деп түсіндіріледі. Белгілі уақыт аралығында үй шаруашылығында іс жүзінде тұтынылатын және қажеттілікті қанағаттандырудың белгілі бір деңгейіне сәйкес келетін игіліктер мен қызметтерді ақшалай бағалау өмірдің құнын білдіреді. Кең мағынада «халықтың өмір сүру деңгейі» ұғымы өмір сүру, еңбек және жұмыспен қамту, денсаулығы, білімі, табиғи өмір сүру ортасы және т.б. жағдайды қамтиды. Өмір сүру деңгейі әлеуметтік ғылымда – жеке адамның немесе адамдар тобының тауарлар мен қызметтерге ұмтылуы. Балама ретінде бұл термин «өмір деңгейі» деп аталатын жеке тұлғаның немесе адамдар тобының тауарлар мен қызметтерді тұтыну көрсеткішіне нақты қолданылады. Жеке жолмен алынған заттар, сондай-ақ әл-ауқат деңгейін арттыруға әкеледі, бірақ мемлекет көрсететін қызметтер және қоршаған ортаның сапасы сияқты индивидтің тікелей бақылауында болмайтын заттар кіреді. Кейбір әлеуметтанушылар адамның қалаған өмір сүру деңгейі оның жанама табыс бойынша тұтыну үлгілеріне байланысты деп санайды. Осыған байланысты жеке адамның өмір сүру деңгейі табыстың өзгеруіне қарай өзгереді деп айтуға болады.

Түйін сөздер: өмір сүру деңгейі, халықтың қазіргі жағдайы, баға беру, заманауи сипаттама, еңбек, жұмыспен қамту, үй шаруашылығы, қажеттіліктер, ақшалай бағалау, денсаулық, білім, табиғи өмір сүру ортасы, жеке адам, тауар мен қызмет, әл-ауқат деңгейі, табыстың өзгеруі.

Кіріспе. Мақаладағы авторлар тақырыпқа мейлінше объективті түрде қарастыруға тырысты. Зерттеу барысында әлеуметтік-экономикалық, статистикалық көрсеткіштерді талдаудың салыстырмалы әдістері мен ғылыми-зерттеу жүйесі қолданылды. Жұмыс барысында осы саладағы ғылыми зерттеу нәтижелері жүргізілді.

Сондықтан аталмыш саланы дамытудың көпдеңгейлі жүйесін құра отырып, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде жүйелі бақылау шараларын қолдана отырып, өмір сүру деңгейін жоғарылату бағытында көбірек жұмыс атқару қажет.

Зерттеу барысында негізгі тұжырымдарға сүйене отырып, Қазақстан аумағы және Маңғыстау облысы бойынша статистикалық көрсеткіштер арқылы жұмыс жүргізілді. Осы жұмысты теориялық, математикалық, графикалық және эконометрикалық әдістерге сүйеніп жасалды.

Негізгі бөлім. Халықтың өмір сүру деңгейі (әл-ауқаты) – күрделі әлеуметтік-экономикалық тұжырымдама. Ел дамуының түрлі кезеңінде адамдардың өмір сүру деңгейін арттырудың жолдары мен әдістері, ең алдымен, өзгермелі экономикалық мүмкіндіктерге байланысты бірдей емес екенін атап өткен жөн. Егер Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында олар сынып еңбекшілерінің пайдасына игіліктерді қайта бөлу жолымен материалдық жағдайды ішінара реттеуге мүмкіндік берсе, онда соғысқа дейінгі бесжылдықта өмір сүру деңгейінің өсуі жұмыссыздықты жоюға, жалақы қорын, халық табысын арттыруға және халық тұтынатын тауарларды өндіруге бағытталған жоспарлы іс-шараларға байланысты болды. Соғыстан кейінгі жылдары елдің экономикалық әлеуетін қалпына келтіру және оның одан әрі дамуы алдымен бүкіл халықтың өмір сүру деңгейін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға (мысалы, бөлшек бағалардың бірнеше рет төмендеу жолымен), содан кейін әл-ауқаттың арттыруға мүмкіндік берді. Өмір сүру деңгейін үш аспектіде қарастыруға болады: халыққа, оның әлеуметтік топтарына және табыс мөлшері түрлі отбасыларға қатысты. Соңғы екі санат халықтың мүлтік жағдайы бойынша қабаттасу дәрежесін сипаттау үшін аса маңызды. Олар белсенді зерделенеді, өйткені халықтың әртүрлі топтарының әл-ауқатын жақындату және отбасы табысын саралауды қысқарту дамыған елдердің әлеуметтік саясатының басым мақсаты болып саналады.

Қазіргі уақытта тұтынушылардың мінез-құлқы саласындағы теориялық зерттеулер келесі ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген: Т.В.Харитоновна, С.Н.Алексеева, В.А.Ильин, А.А.Шабунова, А.И.Россошанский, Г.В.Белехова, С.П.Спиридонов, Елбасы Н.Ә.Назарбаев және т.б. [1-4].



1-сурет – өмір сүру деңгейін көрсететін көрсеткіштер мен әл-ауқаттың жиынтық көрсеткіші берілген
Ескерту: авторлар құрастырған

Суретте бейнеленген өмір сүру деңгейін көрсететін көрсеткіштер, әл-ауқаттың жиынтық көрсеткіштері үш топқа бөліп көрсетілді. Бірінші топты синтетикалық көрсеткіштер құрайды, оларға ұлттық табыс, ұлттық кірісті тұтыну қоры, халықтың материалдық игіліктері мен қызметтерді тұтынуының жалпы қоры, халықтың нақты табысы, оның ішінде халықтың жан басына шаққанда, әртүрлі әлеуметтік топтардағы отбасы мүшесіне шаққандағы нақты табысы, өндірістің түрлі саласындағы қызметкерлердің орташа және ең төменгі жалақысы, жан басына шаққандағы нақты табысының, өндірістің түрлі сала қызметкерлерінің ең төменгі және орташа жалақысының арақатынасы, халықтың нақты кірісіндегі қоғамдық тұтыну қорларының үлесі, материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтынудың жалпы көлеміндегі қоғамдық тұтыну қорларының үлесі, ең төменгі зейнетақы, қоғамдық тұтыну қорлары (қоғамдық тұтыну қорлары халық мұқтажын қанағаттандыру үшін мемлекет қалыптастыратын жалпы тұтыну қорының бір бөлігін материалдық қорғалмаған немесе әлсіз қорғалмаған (балалар, қарттар, мүгедектер және

т.б.) объективті себептерге байланысты қоғамдық қорлардан халықтың бұл топтары еңбек нәтижелеріне тікелей байланысты емес зейнетақы, стипендия, жәрдемақы және басқа да төлемдер алады.)

Бұл ретте әл-ауқат көрсеткіштері материалдық өндіріске байланысты, сондықтан көрсеткіштер жүйесіндегі өмір сүру деңгейін талдауға және болжамға қойылатын жоғарыда тұжырымдалған талаптар негізінде орындалады [5].

Ендігі кезекте халықтың қолайлы өмір сүруге қажетті факторларына тоқталайық. Әрбір адам өзінің өмірі баянды да бақытты және жағымды оқиғаларға толы болғанын армандайды. Қолайлы өмір сүруге мемлекеттің де пайдасы тисе деген ниетте болады. Мысалы, мемлекет тарапынан өзіне тиесілі тұрғын-үй, әлеуметтік қамтамасыздандыру, медициналық көмек алғысы келеді. Ал мемлекет адамға осылай қолайлы жағдай жасап, халқының өмір сүру деңгейін арттырады. Осы тұрғыда көптеген зерттеу, түрлі ғылым салалары, көптеген рухани тәжірибе, діни бағыттарды негізге ала отырып, өмір сүру деңгейі мен сапасына әсер ететін негізгі факторларға шолу жасайық (1-кесте).

1-кесте – өмір сүру деңгейі мен сапасына әсер ететін негізгі факторлар

Физикалық әсер ету	Әлеуметтік факторлар	Психологиялық жағдай
Бұл климаттық өмір сүру жағдайлары, ауа райының ерекшеліктері, атмосфера мен судың ластану деңгейі, дене шынықтыру мен спортпен дұрыс және тұрақты айналысу, тамақтану сапасының деңгейі. Сондай-ақ жер сілкінісі, вулкандардың атқылауы, цунами, су тасқыны және температураның күрт, ауытқуы сияқты елеулі табиғи катаклизмдердің болмауы.	Бұған адам тұратын орта, қоршаған қоғамдағы тұрақтылық, жеке қажетін және қарттыққа дейін өзінің маңызды екенін сезінуге мүмкіндік беретін іс-әрекет кіреді. Қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас.	Бұл жерде жеке адамның қоршаған ортаға және онда болып жатқан оқиғаларға субъективті қатынасы, айналасына қолайлы және жайлы психологиялық жағдай тудыру өте маңызды кезең болып саналады. Тек өзіне ғана емес, сонымен қатар қоршаған адамдарға – отбасы мүшелері, туыстары, көршілері, қызметтестері, сыныптастары және т.б.
Ескерту: [6] авторлар құрастырған		

Осы жағдайда мемлекет тарапынан өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында қабылданған бірқатар бағдарламаларды атайық (2-сурет).



2-сурет – Мемлекеттік бағдарламалар
Ескерту: авторлар құрастырған

Халықтың қолайлы өмір сүруі үшін билік органының да атқарар жұмысы өте көп. Осы жерде ҚР-ның жасаған кейбір бағдарламалар тізбесіне тоқталайық. Халықты жұмыспен қамту мақсатында қабылданған бағдарламаның бірі – «Жұмыспен қамту – 2020», аталған бағдарламаның мақсаты – халықтың жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында халыққа мүмкіндігінше жұмыс тауып беру, шетелдік инвесторларды тарта отырып, жұмыс орнын көбейту. «Нұрлы жол» бағдарламасы – халықтың қолайлы жағдайда өмір сүруі үшін үй беру және күнделікті жүретін магистрал жолдар салу. Тағы да ауылдық жердегі халықты ынталандыру мақсатында ауылдан жаппай көшу, мамандар жетіспегеннен кейін қабылданған бағдарламаның бірі «Дипломмен – ауылға» деп аталады. Бұл бағдарлама оқыған білікті мамандарды ауылға жұмысқа шақыру мақсатында қабылдан. Бағдарламада үймен қамтамасыз ету, білім алу секілді өлшемдер қамтылған.

Мемлекеттің басты мақсатының бірі – халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу. Бұл тұрғыда еліміз 30 жылдай еңбек етіп келеді. Кейбір қабылдаған бағдарламалардың жұмыс нәтижесінің де пайдасы бар.


Экономикалық көрсеткіштер қоғам өмірінің экономикалық жағын, қажеттіліктерін қанағаттандырудың экономикалық мүмкіндіктерін сипаттайды [7].

1999 жылдан бастап жыл сайын халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға жәрдемдесетін Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында тәуелсіз ғалымдар тобы өмір сүру деңгейінің көрсеткіші бойынша елдердің рейтингін құрастырған. Бұл ретте зерттеушілер өмірдің орташа ұзақтығы, сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша есептелетін халықтың жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімнің шамасы, сондай-ақ білім деңгейі сияқты факторларды ескереді. Ең жақсы өмір сүретін елдердің басты көрсеткіші – HDI индексі. Рейтингте 117 елді қарастырды. Бірнеше жыл қатарынан өмір сүру деңгейінің көрсеткіші бойынша әлемнің үздік елі Норвегия болып саналады. Скандинавия түбегінде орта есеппен 79,5 жыл өмір сүреді, барлық ересек халықтың орта немесе жоғары білімі бар, жалпы ішкі өнім – елдің әрбір тұрғынына жылына 38,4 мың доллар. Екінші және үшінші орында – Исландия мен Австралия. Бұл елдерде халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші 80 жылды құрайды, ал жан басына шаққандағы ЖІӨ – әрбір Исландияға жылына 33 мың доллар және әрбір Австралияға 30 мың доллар. Тәуелсіз сарапшылар өмір сүру деңгейі ең жоғары 63 ел деп атады. Үздік 10 елдің қатарына келесі мемлекеттер кірді: Ирландия, Канада, 1993 жылдан 2000 жылға дейін рейтинг бойынша көшбасшы болды, Швеция, Жапония, Швейцария, АҚШ және Нидерланды [8].

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) жыл сайын өмір сүру деңгейі бойынша елдер рейтингін құрастырады және бұл тізімді Норвегия бірінші жылдан бері бастап келеді. Таңдау экономикалық даму деңгейі, халықтың өмір сүру ұзақтығы, білім беру және денсаулық сақтау деңгейі сияқты бірнеше өлшемдер негізінде жүзеге асырылады. Статистикалық мәліметтер бойынша Норвегияда өмір сүру ұзақтығы: әйелдерде – 83 жыл, ерлерде – 79 жыл. Жалпы Қазақстан бойынша 72,3-ті құрап отыр. Ұлттық статистика бюросының болжамы бойынша 90 жылдан кейін өмір сүру ұзақтығы, елдің қолайлы даму жолында әйелдерде 96 жыл және ерлерде 90 жыл болуы тиіс. Норвегияда медициналық көмек пен білім алу тегін ұсынылады, мемлекет азаматқа қызмет құнының 95% төлеуге кепілдік береді. Жұмыссыздар жоғары жәрдемақы алады, ол жалақының 65% құрайды (айлық жалақының орташа деңгейі 5000 доллар), бұл лайықты өмір сүруге мүмкіндік береді.

Халықтың әл-ауқатын бөлудің пропорциялары мен құрылымын сипаттайтын көрсеткіштерді дербес бөліп көрсетуге болады. Өмір сүру деңгейін анықтау кезінде статистикалық көрсеткіштер маңызды рөл атқарады, олар жалпылама көрсеткіштерді, табыстар, тұтыну мен шығыстар, ақша жинақтары, жинақталған мүлік пен халықтың тұрғын үйі және т.б. көрсеткіштерін қамтиды [9].

Әр елдің рейтингін білу үшін, жалпы 2019 жылы қандай елдер өмір сүру деңгейі бойынша ең үздік деп танылғандығын Numbeo сайты арқылы анықтадық.




3-сурет – өмір сүру деңгейі бойынша 2019 жылдың алдыңғы 10 ел берілген

Ескерту: [10] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Бұл диаграммада 2019 жылдың қорытындысы өмір сүру деңгейі бойынша үздік он ел көрсетілген. 2019 жылдың тізіміне 71 ел кірді, олардың әрқайсысы келесі параметрлер бойынша бағаланады:

- азаматтардың сатып алу қабілеті;
- қоршаған ортаның ластану деңгейі;
- климаты;
- қауіпсіздік;
- денсаулық сақтау деңгейі;
- өмір құны;
- жылжымайтын мүлік құны;
- сапарларға арналған уақытша шығындар.



4-сурет – өмір сүру деңгейі бойынша 2019 жылғы соңғы 10 ел берілген

Ескерту: [10] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Бұл диаграммада 71 елдің тізімі бойынша соңғы он ел, оның ішінде Қазақстан Республикасы да бар – 69 орынға жайғасқан. Әлеуметтанушылар материалдық әл-ауқат жеке алынған елдегі жақсы немесе нашар өмірді бағалаудағы ең маңызды фактор емес деген пікірде. Азық-түлік пен тұрғын үйге, сапалы білім мен денсаулық сақтауға, біздің әл-ауқатымызды қолдайтын жұмыспен қамтуға қол жеткізу сияқты негізгі игіліктерден басқа, «өмір сүру деңгейі» ұғымына жұмыс орындарының қауіпсіздігі, саяси тұрақтылық, жеке бас бостандығы және қоршаған ортаның сапасы сияқты материалдық емес активтер де кіреді [11].


Осы тұрғыда өмір сүру деңгейіне әсер ететін көрсеткіштің бірі – жалпы халықтың жұмыс күші туралы статистикалық ақпараттарға назар аударайық. ҚР бойынша жұмыс күші 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте – ҚР бойынша жұмыс күші

Көрсеткіш	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2015-2019 жж. арақатынасы, %
Жұмыс күші (мың. адам)	8 887,6	8 998,8	9 027,4	9 138,6	9 215,3	104
Жұмыспен қамтылған халық (мың. адам)	8 433,3	8 553,4	8 585,2	8 695,0	8 773,2	104
Жұмыссыз халық (мың. адам)	454,2	445,5	442,3	443,6	442,1	97

Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлар құрастырған


Халықты жұмыспен қамту – халықтың өмір деңгейі мен сапасына ықпал етеді. Осыған байланысты елімізде түрлі бағдарламалар жүзеге асқан болатын. Мысалы, «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Дипломмен – ауылға» және т.б. жұмыспен қамту мәселесі бойынша түрлі шаралар ұйымдастырды. Көрсетілген кестеде жұмыс күші, жұмыспен қамтылған халық және жұмыссыз халық саны берілген. Кестеде көрсетілгендей халық арасында жұмыссыздық мәселесі кездеседі. Бұл жағдай өмір сүру деңгейіне де кері ықпал тигізеді. Бірақ жылдан жылға жұмыссыздық жойылу үстінде. Атап айтқанда, жұмыс күші 2015 жылы 8 887 600 адамды құраса, 2019 жылмен салыстырғанда 9 215 300 адамды құрап, 4%-ға өскен және жұмыспен қамтылғандар саны 2015 жылы 8 433 300 адамды құрап, 2019 жылы 8 773 200 адамға жетіп, 4%-ға артқан. Тиісінше жұмыссыздық деңгейі төмендеген, 2015 жылы 454 200 адам болса, 2019 жылы 442 100 адамға дейін азайып, 2015 жылға қарағанда 2019 жылы 3%-ға төмендеген.



5-сурет – бір қызметкердің атаулы орташа айлық жалақысы

Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Жұмыспен қамтылған халықтың орташа атаулы жалақысына назар салсақ, график көрсеткендей, жалақы да жыл санап өсуде. Соңғы 5 жылдықты салыстырғанда 2019 жылы 185 487 мың. тг болып, 2015 жылға қарағанда 44%-ға өскен. Бұл – өте жақсы көрсеткіш, себебі халықтың ақшалай табысының өсуі оның қажеттіліктерін қанағаттандырып, өмір сүру деңгейін арттырады.



6-сурет – халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы

Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Графикте халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы мен бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы берілген. Екі фактор да бір-бірімен тығыз байланысты. Қызметкер жалақысы өскен сайын жан басына шаққандағы атаулы табыс соншалықты өсіп, оның өмір сүру деңгейі мен сапасына әсер етеді. Халықтың орта есеппен жан басына шаққан атаулы табыстың жыл сайын қанша пайызға артқандығын нақтылайық, 2016 жылы ақшалай табыс 76 575 мың теңгені құрап, 2015 жылға қарағанда 136%-ға артқан болатын. Ал 2017 жылы 2016 жылға қарағанда 109%-ға ұлғайса, 2018 жылы 111%-ға және 2019 жылы 111%-ға көбейген.

3-кесте – зейнетақының ең төменгі мөлшері мен бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы

Мың. тг	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2015-2019 ж. %
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы	126021	142898	150827	162673	185487	147
Зейнетақының ең төменгі мөлшері	23692	25824	31 245	33745	36 108	152
Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлар құрастырған						


Кестеде зейнетақының ең төменгі мөлшері мен бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы берілген. Зейнетақының ең төменгі мөлшері жыл сайын өсіп отырғанын көреміз, бұл жағдай өмір сүру деңгейі мен сапасына әсер етеді. Зейнетақының ең төменгі мөлшері, 2015-2019 жылдарды салыстырар болсақ, біршама артқандығы байқалады. 2019 жылы 2015 жылға қарағанда 152%-ға артқан.



7-сурет – күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы

Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Графикте күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы (мың. тг) берілген. Күнкөріс деңгейі жылдан жылға өсіп отырған. 2016 жылы 21 612 тг құрап, 2015 жылға қарағанда 110%-ға артқан болатын. Тиісінше 2017 жылда 23 783 тг болып өсіп, 2016 жылмен салыстырғанда 110%-ға пайызға көбейген. 2018 жылы 2017 жылға қарағанда 113%-ға атқан. 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 108%-ға ұлғайған еді. Бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп отырғаны көңіл қуантарлық. Дегенмен қазіргі нарықтық жағдаймен, Қазақстанның жағдайымен салыстырғанда 2019 жылға 29 342 тг өте аз.




8-сурет – бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы мен жұмыссыз халық саны

Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Бұл графикте бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы мен жұмыссыз халық саны көрсетілген. Графикте көрсетілгендей жұмыссыз халық халық азайған сайын атаулы жалақы өседі. 2016 жылы 2015 жылға қарағанда 8,7 мыңға төмендеген болатын. 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 3,2 мыңға, 2018 жылы 2017 жылға қарағанда 1,3 мыңға және 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 1,5 мыңға төмендеген.

Осылай түрлі бағдарламалар арқылы жұмыссыз халықты азайтумен айналысып, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға болады.



9-сурет – бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы мен жұмыспен қамтылған халық саны

Ескерту: [12] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Бұл графикте бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы мен жұмыспен қамтылған халық (мың. тг) саны берілген. Графикте көрсетілгендей, жұмыспен қамтылған халық көбейген сайын атаулы жалақы да өседі. 2016 жылы 2015 жылға қарағанда 120 100 мың адамға артып, жұмыспен қамтылғандар саны көбейген. 2017 жылы 2016 жылға қараған болғаны 31 800 адам артық жұмыспен қамтылған. 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 109 800 мың адамға артқан. 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 78 200 адамға көбейіп, жұмыспен қамтылған адам саны арта түскен.

Қорытындылай келгенде, халықтың әл-ауқатын арттыру, өмір сүру сапасы мен деңгейін жақсарту ҚР дамуының басым бағыттары болып саналады. Қазақ елі әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру міндетін қойды. Белгіленген міндет өмір сүру деңгейі жоғары бәсекеге қабілетті адам капиталы болғанда ғана орындалады. Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру туралы көптеген бағдаламалар мен реформалар қабылдаған болатын. Оның ішінде халықтың тұрмыс жағдайын арттыру туралы біраз мәлесе қарастырылып, халық табысын арттыру, жұмыспен қамту және баспанамен қамтамасыз ету мәселелері айтылды. Қазақстан Республикасы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы жағдайында тәуелсіздік жылдарында халықтың деңгейін арттыру тақырыбы қиын да ауыр болғаны сөзсіз. Себебі жаңадан жарқын болашаққа аяқ басқан ел үшін бұл жағдай өте күрделі және шешу жолдары қиын болатындығы белгілі. Бірақ қазіргі таңда бұл мәселелердің жауабы табылып, ретімен біртіндеп шешілуде. Қазақстан Республикасы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру мәселесі бойынша көптеген жұмыс атқарып, осы жағдайды арыарай дамытуда. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында осы тақырыпқа кеңінен тоқталған болатын. Бұл жолдауда көптеген жағдайлар қарастырылып, қазіргі таңда шешімін табуда. Жоғарыда кестелер мен графиктерден халықтың тұрмыс-жағдайының біртіндеп жақсарып келе жатқанын көреміз.

А. Уайсова¹, К. К. Примжарова², С. Д. Усубалиева³, Г. Д. Айтбаева⁴, Ж.К. Малғараева⁵

^{1,4} Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан;

^{2,3,5} Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ УРОВНЯ ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ СОВРЕМЕННОГО СОЗНАНИЯ ОБЩЕСТВА

Аннотация. В данной статье одним из актуальных вопросов является анализ уровня жизни населения в Казахстане в контексте модернизации современного сознания общества. Цель данной статьи является изучение и обсуждение уровня жизни населения с целью их дальнейшей оптимизации, изложением теоретических положений и практических рекомендаций, выявление факторов, влияющих на ее решение.

При выполнении исследования были использованы сравнительные методы анализа социально-экономических, статистических показателей и научно-исследовательская система.

При проведении анализа результатов исследования было необходимо выяснить, в каком направлении мы будем работать с обсуждением уровня жизни населения в целом и другие результаты.

Результаты исследования были широко освещены концепцией уровня жизни, и позволяют собрать информацию по уровню жизни за рубежом.

Кроме того, они показывают, как современный смысл и характер современного образа жизни реализуются в другой стране, почему в них доминируют и приведены особенности по улучшению уровня жизни в стране. Обеспеченность населения необходимыми материальными благами и услугами, достигнутый уровень их потребления и степень удовлетворения потребностей называется уровнем жизни. Под другими понимаются благосостояние. Денежная оценка благ и услуг, фактически потребляемых в домашнем хозяйстве за определенный период времени и соответствующих определенному уровню удовлетворения потребностей, представляет собой стоимость жизни. В широком смысле понятие «уровень жизни населения» включает в себя условия жизни, труда и занятости, его здоровья, образования, естественной среды обитания и др. Уровень жизни в социальной науке – это стремление личности или группы людей к товарам и услугам. В качестве альтернативы этот термин фактически применяется к показателю потребления товаров и услуг физическим лицом или группой лиц, так называемым «уровнем жизни». Предметы, полученные индивидуальным путем, также приводят к повышению уровня благосостояния, но включают такие предметы, которые не находятся под непосредственным контролем индивида, как услуги, оказываемые государством, и качество окружающей среды. Некоторые социологи считают, что желаемый уровень жизни человека сильно зависит от модели его потребления по косвенным доходам. В связи с этим можно сказать, что уровень жизни личности меняется по мере изменения доходов.

Помимо доходов полезные показатели могут включать потребление определенных пищевых продуктов, таких как мясо, мука, показатель ожидаемой продолжительности жизни и достижение таких основных удобств, как безопасное водоснабжение. Недостаток научных исследований в данной теме, послуживших

толчком к получению данной темы, при этом проведение по государственному заданию, их значимость, практическая значимость со сложными проблемами, требующими решения, послужили основой для определения темы, цели и задач исследования и являются актуальными.

Ключевые слова: уровень жизни, современное состояние населения, анализ, современная характеристика, труд, занятость, домашнее хозяйство, потребности, денежная оценка, здоровье, образование, естественная среда обитания, личность, товары и услуги, уровень благосостояния, изменение доходов.

A. Uaisova¹, K.K. Primzharova², S.D. Ussubaliev³, G.D. Aitbaeva⁴, Zh.K. Malgarayeva⁵

^{1,4} Abylai Khan Kazakh University of International Relations and world languages, Almaty, Kazakhstan;
^{2,3,5} Narxoz university, Almaty, Kazakhstan

ANALYSIS OF POPULATION LIVING STANDARD IN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF MODERNIZATION OF MODERN CONSCIOUSNESS OF SOCIETY

Abstract. In this article, one of the topical issues is the analysis of the living standards of the population in Kazakhstan in the context of modernizing the modern consciousness of society. The purpose of this article is to study and discuss the living standards of the population in order to further optimize them, to present theoretical provisions and practical recommendations, and to identify factors that affect its decision.

The research was carried out using comparative methods of analysis of socio-economic, statistical indicators and a research system.

When analyzing the results of the study, find out in which direction we will work with the discussion of the standard of living of the population as a whole and other results.

The results of the study were widely covered by the concept of living standards, and allow us to collect information on the standard of living abroad.

The results of the study show how the modern meaning and character of the modern way of life is realized in another country, why they are dominated and features for improving the standard of living in the country are given. The provision of the population with the necessary material goods and services, the achieved level of their consumption and the degree of satisfaction of needs is called the standard of living. Others are defined as welfare. The monetary value of goods and services actually consumed in a household over a certain period of time and corresponding to a certain level of satisfaction of needs is the cost of living. In a broad sense, the concept of "standard of living" includes living conditions, labor and employment, their health, education, natural environment, etc. The standard of living in social science is the desire of an individual or group of people for goods and services. Alternatively, the term is actually applied to an indicator of the consumption of goods and services by an individual or group of individuals, the so-called "standard of living". Items obtained individually also lead to an increase in well-being, but include items that are not directly controlled by the individual, such as services provided by the state and the quality of the environment. Some sociologists believe that a person's desired standard of living strongly depends on their indirect income consumption pattern. In this regard, we can say that the standard of living of an individual change as income changes.

In addition to income, useful indicators may include the consumption of certain foods, such as meat, flour, life expectancy, and the achievement of basic amenities such as safe water supply. The lack of scientific research in this topic, which served as an impetus to obtain this topic, while conducting on a state task, their significance, practical significance with complex problems that need to be solved, served as the basis for determining the topic, goals and objectives of the study and are relevant.

Keywords: standard of living, current state of the population, analysis, modern characteristics, labor, employment, household, needs, monetary assessment, health, education, natural environment, personality, goods and services, level of well-being, change in income.

Information about the authors:

Uaisova A. – master of Science, Senior Lecturer, Kazakh Ablai khan University of International Relations and world Languages;

Primzharova K.K. – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Department of «Public administration», Narxoz University;

Ussubaliev S.D. – Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, School of Society, Technology and Ecology, Narxoz University;

Aitbaeva G.D. – Candidate of Philological Science, docent, Kazakh Ablai khan University of International Relations and world Languages;

Malgarayeva Zh.K. – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Department of «Management and marketing», Narxoz University

REFERENCES

- [1] Kharitonova T. V., Alekseeva S. N. "the Standard of living of the population: Basic approaches to the assessment of indicators" *Journal of Niva of the Volga region*, Pp. 133-137. Russia, Penza #2 (39) 2016.
- [2] Ilyin V. A., Shabunova A. A., rossoshansky A. I., Belekhoval G. V. "the Standard of living of the population experience of regional research" Preprint Pp. 8-12. Ed: ISERT RAS, Vologda 2015.
- [3] the book of N. A. na za RBA EV "N. A. Nazarbayev N. A. K. "Ily o n year", 193 P. Atamura publishing house, 2003
- [4] Internet-po RTA I: "what makes up and how to determine the standard of living." <http://www.elitarium.ru/uroven-zhizni-naselenie-potreblenie-pokazatel-potrebnost-udovletvorenie-proizvodstvo-usluga-blagosostoyanie-razvitie-faktor-nacionalnyj-dohod-strana-hozyajstvo/>
- [5] Spiridonov S. P. "Actual issues of economic Sciences" book P. 5-7. proceedings of the international. scientific Conf. Ufa, October 2011
- [6] Internet portal: O. Alexandrovich "Factors affecting a person's life readiness To overcome their influence". Article 2013 <https://www.moscow-faq.ru/articles/wayoflive/psihologia/7675>
- [7] Message of the Head of state N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan: "Nurly Zhol-the way to the future". November 27, 2014.
- [8] Internet portal: A. A. Volgusheva "Indicators of living standards" article. <https://center-yf.ru/data/stat/Uroven-zhizni.php>
- [9] Internet portal: E. Ivanova "Standard of living in the world, rating 2019" article. <https://basetop.ru/uroven-zhizni-v-stranah-mira-rejting-2019-goda/>
- [10] Constitution of The Republic of Kazakhstan. Section 1, Article 1, sub-paragraph 1. https://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution
- [11] Internet portal: K. Belova "Analysis of indicators that characterize the quality of life of the population in the Republic of Kazakhstan" article. <https://pandia.ru/text/80/236/8264-11.php>
- [12] Internet portal: statistics Committee of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan. <https://stat.gov.kz/>
- [13] Ussubaliyeva S.D., Uaisova A., Tusupbekova G.M., Abylkassimova Zh.A., Kalganbaev N.A. Prospects for the development of sacred tourism in kazakhstan N E W S OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES ISSN 2224-5294. <https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.71> Volume 3, Number 331 (2020), 101–110.

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

Редакторы: *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*
Верстка на компьютере *А. М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 11.08.2020
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
21 п.л. Тираж 500. Заказ 4.

Уважаемые авторы научных журналов НАН РК!

Президиумом НАН РК принято решение, в целях повышения международного рейтинга академических изданий, объединить следующие 3 журнала, начиная с № 5 (сентябрь-октябрь), 2020 г., с высокорейтинговыми журналами НАН РК, входящими в международные базы Scopus, WoS и др.:

1. **«Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук»** объединить с журналом **«Доклады НАН РК»**;
2. **«Известия НАН РК. Серия аграрных наук»** – **«Доклады НАН РК»**;
3. **«Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук»** – с журналом **«Вестник НАН РК»**.

Статьи, которые публиковались в журналах **«Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук»** и **«Известия НАН РК. Серия аграрных наук»**, впредь будут публиковаться в журнале **«Доклады НАН РК»**, а статьи, публикуемые в журнале **«Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук»**, – в журнале **«Вестник НАН РК»**.

При подаче статей просим указывать название журнала и отрасль науки, согласно представленного перечня (см. ниже) в данном журнале:

I. Научный журнал **«Вестник НАН РК»** посвящен исследованиям фундаментальной науки (гуманитарные и естественные):

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Гуманитарные (экономика, юриспруденция, история и археология, политология и социология, философия, филология, педагогика и психология, литературоведение, искусствоведение)
2. Естественные (астрономия, физика, химия, биология, география и технические науки). Примеры технических наук: космонавтика, кораблестроение, машиностроение, системотехника, электротехника, электросвязь, радиоэлектроника, ядерная энергетика и т.д.

Адрес сайта **«Вестник НАН РК»** – <http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/arhive>

II. Научный журнал **«Доклады НАН РК»** посвящен исследованиям в области получения наноматериалов, биотехнологии и экологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Получение наноматериалов в области естественных наук, медицины и сельского хозяйства.
2. Биотехнология в земледелии, растениеводстве и зоотехнике.
3. Общая биология и биотехнология в медицине.
4. Экология.

Адрес сайта **«Доклады НАН РК»** – <http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Кроме того, в журналах **«Известия НАН РК. Серия физико-математическая»**, **«Известия НАН РК. Серия химии и технологий»** и **«Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук»** также указаны отрасли науки, по которым будут приниматься научные статьи для экспертизы и дальнейшего опубликования:

III. Научный журнал **«Известия НАН РК. Серия физико-математическая»** посвящен исследованиям в области математики, физики и информационной технологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Математика.
2. Информатика.
3. Интеллектуальный анализ данных и распознавание образов.
4. Математическое моделирование социальных и экономических процессов.
5. Механика.
6. Механика машин и роботов.
7. Теория управления и космические исследования.
8. Физика.
9. Ядерная физика.
10. Теоретическая физика.
11. Астрономия.
12. Ионосфера.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия физико-математическая**» –

<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>

IV. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия химии и технологий**» посвящен исследованиям в области химии и технологий новых материалов.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Органическая химия.
2. Неорганическая химия.
3. Высокомолекулярные соединения.
4. Физическая химия (катализ, электрохимия).
5. Технология новых материалов.
6. Технология органических веществ.
7. Технология неорганических веществ.
8. Технология химических удобрений.
9. Технология полимерных и строительных материалов и силикаты.
10. Технология пищевых продуктов.
11. Фармацевтическая химия.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия химии и технологии**» –

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

V. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» посвящен исследованиям в области геологии и технических наук:

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Геология.
2. Региональная геология.
3. Петрология.
4. Геология нефти и газа.
5. Геология и генезис рудных месторождений.
6. Гидрогеология.
7. Горное дело и геомеханика.
8. Фундаментальные проблемы обогащения минерального сырья.
9. Инженерная геология.
10. Геофизика и сейсмология.
11. География.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» –

<http://www.geolog-technical.kz/index.php/en/archive>